

Неміс оккупациясынан азат етілген аудандарда шаруашылықты қалпына келтіру жөніндегі шұғыл шаралар туралы

(Басы «Л. Тның» 168 санында).

Краснодар өлкесінде	5—2
Ставрополь »	6 —
Ростов облысында	2—2
Сталинград »	6 —
Воронеж »	6 —
Курскі »	— 13
Орел »	— 7
Смоленскі »	1 2
Калинин »	— 3

5. РСФСР Халық Комиссарлары Советіне күс өсіретін—инкубатор станциялары үшін жергілікті өнеркәсіп орындарында 1943 жылдың V тоқсанында және 1944 жылдың I тоқсанында, әрқайсысы 3000нан 30.000ға дейін жұмыртқа басатын 200 инкубатор жасалуын қамтамасыз ету міндеттелсін.

6. ССРС Мемлекеттік пландау комиссиясына 1943 жылғы IV тоқсанда РСФСР Жергілікті өнеркәсіп Халық Комиссариатына инкубаторлар жасауға арнап металл және басқа құрылыс материалдарын беру, сол сияқты РСФСР Жер Халық Комиссариатына инкубатор станциялары үшін көмір беру міндет етілсін, оның мөлшері мынадай болсын:

Күйылған шойын (тонна)	26
Сортты темір »	168
Табақ темір »	127
Тотықмайтын темір »	22
Шатыр жабатын ақ қаңылтыр	31
Газ трубалары (тонна)	210
Жұқа трубалар (п/метр)	2800
Фитинг (тонна)	21
Кесінді қола »	3,1
Табақ латунь »	1,0
Шыбық латунь »	0,3
Темір сым »	0,5
Темір тор (мың шаршы метр)	25,0
Шуруп (тонна)	5,5
Гайка »	2,5
Заклепка »	9,0
Тілінген ағаш материалдары (текше метр)	1400,0
Көмір (тонна)	2200

7. ССРС Авиация өнеркәсібі Халық Комиссариатына өзінің заводтарында 1943 жылғы төртінші тоқсанда инкубаторларды жабдықтау үшін мынадай құралдар шығару және РСФСР Жергілікті өнеркәсібі Халық Комиссариатының қарауына беру міндеттелсін:

ампула термо регуляторы	27.200 дана
«Фультон» типті термо регулятор	116 »
аспа термометр	— 27.200 »
бұрышты термометр	— 2000 »
психрометр	— 6000 »

8. РСФСР Жер Халық Комиссариаты оккупациядан азат етілген аудандардың инкубатор-күс өсіру станциялары үшін 1944 жылдың бірінші жартысында 16 миллион дана жұмыртқа берсін, мұның ішінде РСФСР Ет-сүт өнеркәсібі Халық Комиссариатының күнделікті дайындауы есебінен 7 миллион, Орталық тұтынушылар союзы есебінен 5 миллион, сол сияқты РСФСР Совхоздар Халық Комиссариатының күс өсіруші совхоздарынан—4 мил-

лион асыл тұқымдық жұмыртқа берілісін:

9. РСФСР Жер Халық Комиссариатына 1944 жылы инкубатор-күс өсіру станцияларынан колхоздарға балапан беруге рұқсат етілсін, бұл балапандар үшін колхоздар 1945 жылы жұмыртқа беретін болсын.

10. Облыстық атқомдар мен өлкелік атқомдарға инкубатор-күс өсіру станцияларының өзіндік тасымал транспортың жасап алуына көмектесу міндеттелсін, әрбір инкубатор станциясында 1—2 ат болсын.

11. Облыстық атқару комитеттеріне, өлкелік атқару комитеттеріне БК(б)П облыстық комитеттеріне, өлкелік комитеттеріне және ССРС Жер Халық Комиссариатына 1944 жылғы 1 июньге дейін 4 айлық курс тарда 580 күс өсіруші техниктер оқытып шығару міндеттелсін, бұлар облыстар мен өлкелерге былай бөлінісін:

Краснодар өлкесі	75
Ставрополь өлкесі	55
Ростов облысы	60
Сталинград »	60
Воронеж »	80

Курскі »	65
Орел »	65
Смоленскі »	50
Калинин »	70

Күс өсірушілер курсында оқушыларға айына 150 сом мөлшерінде стипендия тағайындалсын.

12. РСФСР Жер Халық Комиссариатына 1943-44 жылдары техниктерді бітірушілер есебінен аудандық жер бөлімдерінде және инкубатор-күс өсіру станцияларында жұмыс істеуге 130 адам күс өсіруші маман жіберу міндеттелсін, олар облыстар мен өлкелерге былай бөлінісін:

	1943 ж.	1944 ж.
Краснодар өлкесі	10	10
Ставрополь »	10	10
Ростов облысы	7	10
Сталинград »	3	7
Воронеж »	5	10
Курскі »	4	10
Орел »	3	10
Смоленскі »	2	10
Калинин »	1	8

IV.

1943 жылы ауыл шаруашылық продуктыларын мемлекетке тапсыру жөнінде колхоздарға, колхозшыларға, жеке шаруаларға, жұмысшылар мен қызметшілерге жеңілдік беру және дайындау жұмыстарын жүргізудің тәртібі туралы

1. Аудандық атқару комитеттері мен БК(б)П райкомдарына неміс оккупациясынан күйзеліс көрген колхоз үйлерін, жеке шаруашылықтарды, жұмысшылардың, қызметшілер мен колөнершілердің шаруашылығын 1943 жылы мемлекетке ауыл шаруашылығы продуктының барлық түрін беруден толық немесе ішінара босату міндеттелсін.

2. 1943 жылы мемлекетке ауыл шаруашылығы продуктысын тапсырудан мыналар босатылсын:

а) семьяда шаруашылықпен шұғылданатын еңбекке жарайтын бір адамы бар және 7 жасқа дейін балалары қалған Қызыл Армия жауынгерлері мен партизандардың шаруашылығы;

б) семьяда шаруашылықпен шұғылданатын еңбекке жарайтын адамы жоқ жауынгерлер мен партизандардың еңбекке жарайтын атаналарының шаруашылығы;

в) семьяда шаруашылықпен шұғылданатын еңбекке жарайтын басқа адамы жоқ, қартайғандықтан еңбекке жарайтын, жасы 60қа келген еркектің және 55ке келген әйелдің шаруашылығы;

г) өзі тұратын аудандағы колхозшы үйлері үшін ауыл шаруашылығы арпелінің уставында көрсетілген мөлшерден аспайтын малы бар оқытушылар, агрономдар, зоотехниктер, жерге орналастырушылар, адам және мал дәрігерлері, фельдшерлер, мелиораторлар және ауыл шаруашылығы жөніндегі техниктер, МТС-тардың, МТМдар мен совхоздардың инженерлері, механиктері, директорлары шаруашылығы.

3. Семьяда шаруашылықпен шұғылданатын еңбекке жарайтын бір адамы бар және екі, одан да көп еңбекке жарайтын адамдары бар жауынгерлер мен партизандардың шаруашылықтарына мемлекетке ауыл шаруашылық продуктыларын тапсыру нормасының 50 проценті мөлшерінде жеңілдік берілсін.

4. Неміс оккупациясынан 1943 жылғы 1 июльден кейінгі жерде азат етілген аудандардағы колхоз үйлері жеке шаруашылықтар, жұмысшылардың, қызметшілер мен колөнершілердің шаруашылықтары 1943 жылы мемлекетке міндетті түрде тері-терсек, жүн, жұмыртқа, брынзы-сыр, майлы өсімдіктер тұқымын, зығыр және конопля тапсырудан босатылсын.

5. Облыстық атқару комитеттері мен БК(б)П облыстық комитеттеріне неміс оккупациясынан ерекше күйзеліс көрген жеке колхоздарды 1943 жылы мемлекетке ауыл шаруашылығы продуктыларын тапсырудан толық немесе ішінара босату міндеттелсін.

6. Неміс оккупациясынан азат етілген аудандардағы колхоздар 1943 жылы мемлекетке міндетті түрде тері-терсек, брынзы-сыр, жұмыртқа, зығыр және конопля тапсырудан босатылсын.

7. Неміс оккупациясынан 1943 жылғы 1 июльден кейінгі жерде азат етілген аудандардағы колхоздар 1943 жылы мемлекетке ет, сүт, жүн тапсырудан босатылсын.

8. 1943 жылы неміс оккупациясынан азат етілген аудандарда колхоздардың мемлекетке міндетті түрде астық, майлы өсімдіктер тұқымын, картоф және оwoщ тапсыру жөніндегі заң 1943 жылы қолданылмасын.

9. Неміс оккупациясынан 1943 жылғы июльдің Інен кейінгі жерде азат етілген аудандардағы колхоздар 1943 жылғы астық және күнбағыс өнімінен Қызыл Армияның астық қорына арнап, салық ретінде, дөңді егістер мен күнбағыстың жыйналатын көлемінің әрбір гектарынан мына мөлшерде астық және күнбағыс тапсыратын болсын:

(килограмм есебімен)

	Астық	Күнбағыс
Орел облысы	70	—
Смоленскі »	50	—
Курскі »	70	120
Калинин »	40	—
Украин ССР облыстары	90	150

Неміс оккупациясынан 1942-43 жылдардың күзінде-қысында азат етілген басқа аудандардың колхоздары Қызыл Армияның астық қорына арнап астық пен күнбағысты ССРС Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінің 1943 жылғы 10 июльдегі №№740, 754 қаулыларына сәйкес тапсыратын:

10. Неміс оккупациясынан 1943 жылы босатылған аудандардың колхоздары 1943 жылғы өнімнен Қызыл Армия қорына арнап мемлекетке беретін картоф пен оwoщ жыйналатын егіннің әрбір гектарынан мынадай нормада тапсыратын болсын:

(центнер есебімен)

	Картоф.	Оwoщ
Воронеж облысы	7	14
Калинин »	6	12
Курскі »	6	12
Орел »	7	16
Ростов »	4	14
Смоленскі »	7	10
Сталинград »	4	10
Краснодар өлкесі	7	18
Ставрополь »	6	16
Украин ССР облыстары	5	13

Қолданылып келе жатқан ауыстыру эквиваленті бойынша оwoщ орнына картоф және картоф орнына оwoщ тапсыруға болады.

11. Неміс оккупациясынан 1943 жылғы 1 июльден кейінгі жерде азат етілген аудандардың колхоздары 1943 жылғы өнімнен Қызыл Армия қорына арнап мемлекетке ет, суармалы және қуаң шабындықтардың, әрбір гектарынан мына мөлшерде ішпен тапсыратын болсын:

(Жалғасы 3-бетте).